

## **VIII. Тәрбие жұмысы**

Мектептің тәрбие жұмысы төмендегі нормативтік-құқықтық актілерді негізге ала отырып құрылған:

- ҚР білім және ғылым Заңы;
- Бала құқығы Конвенциясы;
- Мектеп жарғысы

Тәрбие үрдісін іске асыру барысындағы алға қойылған **мақсаты**:

«Үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани дүниесі бай, жоғары зияткер, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, коммуникативтік және көшбасшылық қасиеттері бар, елінің тағдыры үшін бәсекелестік қабілеті, жауапкершілік сезімі бар, Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын тұлға қалыптастыру».


### **Міндеттері:**

- оқушыларды тәрбиелеу мақсатында оқушылардың, педагогикалық ұжымның, ата-аналар, жергілікті қоғамдастықтардың күштерін біріктіру;
- оқушылардың өмірлік құзыреттіліктерін дамытуды оқу үдерісі, қосымша білім алу, сыныптан тыс шаралар, жергілікті қоғамдастықтардың мәселелерін шешу арқылы қамтамасыз ету;
- оқу мен тәрбиені кіріктіру арқылы оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді, қоғамның адами құндылықтарын қалыптастыру;
- азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, құқықтық және полимәдениетті, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру;
- рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру; адамгершілік әдептерге байланысты білімдерді оқу, қоғамдық тәртіпке бағынатын, өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыру;
- біртұтас денсаулық сақтау мәдениетін, салауатты өмір салтын сақтау дағдыларын дамыту;
- ақпаратпен жұмыс жасау, коммуникация, өзіменеджментті, сыни тұрғысынан ойлау, зерттеу арқылы зияткерлікті дамыту;
- ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты, әлеуметтік және діни төзімділікті қалыптастыру;
- өзінің нақты жетістіктерін сынып өміріне белсенді қатысудан тәлімгерлікке жетуде көшбасшылық дағдыларын дамыту.

### **Принциптері:**

- барлық сыныптарда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, кешенді жұмыс жүргізу;
- өтпелі кезең құбылыстарын ескере отырып, тәрбие жұмысының түрі мен мазмұнының әр кез өзгеріп отыруын есепке алу;
- ұжымда және ұжым арқылы тәрбие беруді іске асыру;
- отбасы тәрбиесі мен мектептегі тәрбиенің үйлесімдік табуына қол жеткізу;
- тәрбие жұмысының дамытушылық бағытта болуы;
- оқушыларға өзіне сын тұрғысынан қарау түсінігін қалыптастыру;
- әңгіме, пікірталас, рөлдік, іскерлік ойындарды тәрбие жұмысында кеңінен пайдалану.

Тәрбиенің қойған мақсатынан және одан туындайтын міндеттерге сүйене отырып, мынадай бағыттарда жұмыс атқарылды:



Осы бағыттар және қалалық білім бөлімінің нұсқау еткен кешенді-мақсатты бағдарламалары негізінде келесі КМБ құрастырылады:

- қылмыстың және құқықбұзушылықтың алдын алу кешенді-мақсатты бағдарламасы;
- нашақорлықтың, маскүнемдіктің және темекі шегудің алдын алуға бағытталған жұмыстың кешенді-мақсатты бағдарламасы;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру кешенді-мақсатты бағдарламасы;
- АҚТВ/ЖҚТБ эпидемиясына қарсы бағытталған алдын алу жұмысының кешенді-мақсатты бағдарламасы;
- «Қайнар» БҰ-ның кешенді-мақсатты бағдарламасы.

Мектептегі тәлім-тәрбие берудің әдісі, кешендік-мақсаттық бағдарламаларды іске асырудың бірден-бір жолы, негізгі бағыты сынып сағаттарының дұрыс жоспарланып, ұйымдастырылып өткізілуі болып саналады. 2021-2022 оқу жылындағы оқушылармен жұмыс атқарған сынып жетекшілер:

Барлығы	Бастауыш буын	Орта буын	Жоғарғы буын
31	11	11	9



№	Қатысқан іс – шара	Оқушының аты-жөні, сыныбы	Денгейі	Нәтижесі	Жетекшісі
1.	ҚР Конституция күніне орай қалалық шахмат жарысы	Баянбай Ернур	Қалалық	1-орын	Айтимов Ж.Ш
		Омар Ерасыл	Қалалық	2-орын	
		Ысқақ Керім	Қалалық	3-орын	
		Ғосман Мирас	Қалалық	3-орын	
5.	Асық ату	Асық ату	Қалалық	1-орын (облысқа жолдама) Үздік форма номинация	Рахманбердиев А.А
6.	Шахмат жарысы	Баянбай Ернұр 5А	Қалалық	1-орын	Айтимов Ж.Ш
		Омар Ерасыл 5Ә	Қалалық	1-орын	
		Оңғар Томирис 4Ә	Қалалық	1-орын	
9.	«Dance-drive» шығармашылық байқау	Жүсіп Аяулым 4А	Қалалық	1-орын	Жанайдарова Г.А Жанайдарова Г.А
		Саметова Зарина 11Ә	Қалалық	1-орын	
		Асықпай Қарақат 9А	Қалалық	1-орын	
		Бейсенбай Перизат 8Ә	Қалалық	1-орын	
		Сарсембаева Даяна 8Ә	Қалалық	1-орын	
		Құнанбаева Айдана 5Ә	Қалалық	3-орын	
		Омар Ерасыл 5Ә	Қалалық	1-орын	
		Баянбай Ернұр 5А	Қалалық	1-орын	
		Ғосман Мирас 4А	Қалалық	2-орын	
		Жантурин Ерасыл 5Ә	Қалалық	3-орын	
		Аманжол Бекарыс 5Ә	Қалалық	3-орын	
		Бейсенбай Ерасыл 5Б	Қалалық	3-орын	
		20.	Ұлттық мектеп лигасы. «ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ»	Мағауия Жаннұр 9А	
Дайкенова Анель 9А	Қалалық			1-орын	
Төлеутай Райхан 9А	Қалалық			1-орын	
Ғалы Жанерке	Қалалық			1-орын	

		9А				
24.	Ұлттық мектеп лигасы. «АСЫҚ АТУ»	Алдамжаров Бауыржан 9А	Қалалық	1-орын	Рахманбердие в А.А	
		Кушкинбаев Даниал 10Ә	Қалалық	1-орын		
		Хайрулла Илияс 9К	Қалалық	1-орын		
27.	Республика күніне орай өткізілген СТОЛ ТЕННИС жарысы	Нұрзат Жания 9Б	Қалалық	3-орын	Қоңыров Е.А	
28.	Республика күніне орай өткізілген ДЕБАТ	Дулат Альмира 9А	Қалалық	1-орын	Аяған Н.А	
		Абдықасымова Назерке 9А	Қалалық	1-орын		
		Айдарханова Сая 9А	Қалалық	2-орын		
		Серік Жасмин 8А	Қалалық	2-орын		
32.	SUPER DAUYS, ӘСЕМ-ӘН	Ахметова Камила 11Ә	Қалалық	ГРАН ПРИ	Алимжанов Қ.Қ	
33.	Республика күніне орай қыздар арасында «ВОЛЕЙБОЛ» жарысы	Жубанова Дина 11Ә Джанкабулова Камила 10А Мадиева Амина 9А Еремен Аяжан 9А Төлеген Малика 9А Ементаева Даяна 8Ә	Қалалық	2-орын	Каирбеков А.Ш	
		Мағауия Жаннұр 9А	Облыстық	1-орын		Айтимов Ж.Ш
		Дайкенова Анель 9А	Облыстық	1-орын		
		Кендірбай Тахмина 9А	Облыстық	1-орын		
		Ғалы Жанерке 9А	Облыстық	1-орын		
38.	Ұлттық мектеп лигасы «Тоғызқұмалақ»	Ғалы Жанерке 9А	Облыстық	3-орын		
		Мағауия Жаннұр 9А	Облыстық	3-орын		
		Дайкенова Анель 9А	Облыстық	3-орын		
		Төлеутай Райхан 9А	Облыстық	3-орын		

42. Ұлттық мектеп лигасы «Асық ату»	Кушкинбаев Даниал 10Ә	Облыстық	3-орын	Рахманбердие в А.А
	Хайрулла Илияс 9К	Облыстық	3-орын	
	Алдажаров Бауыржан 11Ә	Облыстық	3-орын	
45. ДЕБАТ	Дулат Альмира 9А	Облыстық	Сертифик ат	Аяған Н.А
	Абдыкасымова Назерке 9А	Облыстық	Сертифик ат	
47. Ұлттық мектеп лигасы. «Тоғызқұмалақ»	Мағауия Жаннұр 9А	Облыстық	3-орын	Айтимов Ж.Ш
	Дайкенова Анель 9А	Облыстық	3-орын	
	Төлеутай Райхан 9А	Облыстық	3-орын	
	Ғалы Жанерке 9А	Облыстық	3-орын	
51. Ұлттық мектеп лигасы. « Асық ату»	Алдажаров Бауыржан 11Ә	Облыстық	3-орын	Рахманбердие в А.А
	Хайрулла Илияс 9К	Облыстық	3-орын	
	Кушкинбаев Даниал 10Ә	Облыстық	3-орын	
54. Ақмола облысының ашық қысқы президенттік көпсайыс	Кабдулхамитов А 10А	Облыстық	2-орын	
55. «Шеберлер қаласы: ата- бабамыздың мұрасын сақтаймыз және дамытамыз» облыстық байқау	Оңғар Томирис	Облыстық	3-орын	Абежанова Н.А.
56. Тәуелсіздік күніне арналған ұлдар арасында ВОЛЕЙБОЛ жарысы Макинск қаласы	Мүшелтай Нұрлы 8Б	Облыстық	1-орын	Жамалиева Г.Е.
	Қабдолла Самир 8Б			
	Ауелбеков Санжар 10Ә			
	Еремен Данияр 10Ә			
	Амирхан Алмас 10Ә			
	Аманкельдиев Дамир 9Ә			
	Байназаров Асылхан 9Ә			
	Юнус Сағадат 10Ә			
	Серік Заит 9К			

		Даулбаев Темирлан 11А			
		Асықбай Ерсұлтан 6А			
67. Облыстық ДЕБАТ сайысы	Мадиева Амина 9А	Облыстық	Үздік спикер	Аяған Н.А	
	Төлеутай Райхан 9А	Облыстық	IV-орын		
	Абдыкасымова Н 9А	Облыстық	IV-орын		
	Айдарханова Сая 9А	Облыстық	IV-орын		
71. Асық ату	Асық ату	Қалалық	1-орын (облысқа жолдама) Үздік форма номинаци я	Рахманбердие в А.А	
72. Шахмат жарысы	Баянбай Ернұр 5А	Қалалық	1-орын	Айтимов Ж.Ш	
	Омар Ерасыл 5Ә	Қалалық	1-орын		
	Оңғар Томирис 4Ә	Қалалық	1-орын		
	Жүсіп Аяулым 4А	Қалалық	1-орын		
76. «Dance-drive» шығармашылық байқау	Саметова Зарина 11Ә	Қалалық	1-орын	Жанайдарова Г.А	
	Асықпай Қарақат 9А	Қалалық	1-орын		
	Бейсенбай Перизат 8Ә	Қалалық	1-орын		
	Сарсембаева Даяна 8Ә	Қалалық	1-орын	Жанайдарова Г.А	
80. Ауған соғысының ардагерлеріне арналған футзалдан турнир	Еремен Д 10Ә Амирхан А 10Ә Оразалы И 10Ә Сайлаубай А 10Ә Кушкинбаев Д 10Ә Мұрат И 9Ә Серік З 9К Камбилов Б 9А Талапберген Н 9А	Қалалық	2-орын	Жамалиева Г.Е	
81. Шығармашылық байқау	Дулат Альмира 9А	Қалалық	Үздік тілші- 2023	Жанайдарова Г.А	

				1-орын	
		Ауельбеков Санжар 10Ә	Қалалық	Үздік тілші-2023 1-орын	
		Ауельбеков Санжар 10Ә	Қалалық	1-орын	
84.	Колледждер арасында шахмат жарысы	Оңғар Томирис 4Ә	Қалалық	1-орын	Айтимов Ж.Ш
		Дайкенова Анель 9А	Қалалық	1-орын	
		Ғалы Жанерке 9А	Қалалық	1-орын	
		Мағауия Жаннұр 9А	Қалалық	2-орын	
88.	Астана қаласында болып өткен халықаралық «Бала шабыты» байқауы	Балдаурен домбырашылар оркестрі	Халықаралық	1-орын	Ақылбаева Б.К
89.	Бес асық жарысы	Насырова Аиша 5А	Қалалық	2-орын	Рахманбердиев А.А
		Ахметова Анель 5А	Қалалық	2-орын	
		5Ә	Қалалық	2-орын	
92.	Қалалық «Мектеп лигасы» қыздар арасындағы волейбол	Абдыкасымова Н 9А	Қалалық	3-орын	Каирбеков А.Ш
		Джанкабулова К 10А	Қалалық	3-орын	
		Жубанова Д 11Ә	Қалалық	3-орын	
		Төлеген М 9А	Қалалық	3-орын	
		Мадиева А 9А	Қалалық	3-орын	
		Еремен А 9А	Қалалық	3-орын (үздік қорғаушы)	
98.	Ақмола облысы волейбол бойынша чепионат 2008-2009 жыл арасында	Аманкелдиев Д 9Ә	Облыстық	2-орын	Жамалиева Г.Е
		Мүшелтай Нұрлы 8Б	Облыстық	2-орын	
		Самир 8Б	Облыстық	2-орын	
101	«Балапан» қалалық жас кесбашылар слеті	КМЛ №5	Қалалық	1-орын	Жанайдарова Г.А
102	Облыстық мектеп лигасы волейбол спорты	Мүшелтай Нұрлы 8Б	Облыстық	1-орын	Жамалиева Г.Е
		Аманкелдиев Дамир 9Ә			
		Байназаров Асылхан 9Ә			

	Юнус Сағадат 10Ә			
	Ауелбеков Санжар 10Ә			
	Амирхан Алмас 10Ә			
	Ибрагимов Алихан 10Ә			
	Еремен Данияр 10Ә			
	Даулбаев Темирлан 11А			

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие «БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ»** тақырыбында 1- қыркүйек білім күніне арналған салтанатты іс-шара өткізілді. Бастауыш сыныптарда «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», ортаңғы буын «Менің жарқын жазғы оқиғаларым», жоғарғы сыныптарда «Менің үлкен сыныптастарым» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушылардың бойына Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру, рухани мәдениетін арттыру, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу мақсатында.

Қазақстан Қарулы күштеріне деген патриоттық сезімін ояту, рухани дамыған, адамгершілігі мол тұлғаны тәрбиелеу мақсатында оқушыларымен «Елдікке бастар ерлік», «Тәуелсіздік тұғырым» “Ер есімі - ел есінде” тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



Ахмет Байтұрсыновтың 150 жыл толуына орай Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу мақсатында “Ахмет Байтұрсынов -қазақ халқының ұлы көсемі” "Ұлттық ұлы ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлы" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған ұшқыш жауынгер Талғат Бигелдиновтың ерлік істері туралы әңгімелей отырып, өмір жолын, ерлігін танытып және үлгі-өнеге тұту.Елін, жерін қорғаған батырларды құрметтеуге және олардың ерлігін мақтаныш етуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында “Қазақтың текті қыраны-Талғат Бигелдинов” "Мәңгілік Ел алыптары: Талғат Бегельдинов", "Батырлар ерлігі-ұрпаққа өнеге" Талғат Бигельдинов 100 жылдығына күніне орай ұйымдастырылды.





"Мемлекеттік рәміздер-елдігіміздің нышаны" тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мақсатымыз елімізді дүниежүзіне таныта білген мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін жан-жақты дамыта отыра, оқушылар бойына ұлтжандылық қасиетті сіңіру, елінің Туын, Әнұранын, Елтаңбасын қастерлеуге, Отанының адал патриоты болуға тәрбиелеу.

"Еркін ел ұрпағы" атты жалпыұлттық патриоттық диктант жұмысын жазды.



**Құқықтық тәрбие, рухани-адамгершілік тәрбие** 1 қазан - Халықаралық қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат-әлеуметтік жағынан аз қорғалған қарт адамдарға, аға буын жалғызбасты зейнеткерлерге көңіл бөлу, оларға көмек көрсету. Бұл күні елімізде ғана емес, дүние жүзінің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, білім алушылар мен жастар тарапынан қарияларға арналған алуан түрлі қызықты да танымды жобалар ұйымдастырылды. Мектебіміздің атынан жалғыз басты қарттарға көмек қолымызды созып, атаулы мерекелеріне орай сыйлықтар табысталды. Ұстаздарға арналған «Ұстазым – ұлағатым» тәрбие сағаттары өткізілді.



Ұлағатты ұстаздар күніне орай Батыр БЖСМ-де 3-5 сыныптар аралығында шахматтан қалалық жарысқа мектебіміздің шахмат үйірмесінің оқушылары қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Нәтижесінде: Қыздар арасында: 4 “А” сынып оқушысы Жүсіп Аяулым 1 орын, 4 “Ә” сынып оқушысы Оңғар Томирис және 5 “Ә” сынып оқушысы Келденова Самира 2 орын, 4 “А” сынып оқушылары Ксеубаева Зере, Жумадилова Бекзада және 5 “Ә” сынып оқушысы Құнанбаева Айдана 3 орын. Ұлдар арасында: 5 “Ә” сынып оқушысы Омар Ерасыл 1 орын, 5 “А” сынып оқушысы Баянбай Ернур және 4 “А” сынып оқушысы Ғосман Мирас 2 орын, 5 “Ә” сынып оқушылары Аманжол Бекарыс, Жантурин Ерасыл және 5 “Б” сынып оқушысы Бейсенбай Ерасыл 3 орын



**Ұлттық тәрбие** Ахмет Байтұрсыновтың 150 жыл толуына орай Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу мақсатында “Ахмет Байтұрсынов -қазақ халқының ұлы көсемі” “Ұлттық ұлы ұстазы - Ахмет Байтұрсынұлы” тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Кеңес Одағының Батыры атағын екі рет алған ұшқыш жауынгер Талғат Бигелдиновтың ерлік істері туралы әңгімелей отырып, өмір жолын, ерлігін танытып және үлгі-өнеге тұту. Елін, жерін қорғаған батырларды құрметтеуге және олардың ерлігін мақтаныш етуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында “Қазақтың текті қыраны-Талғат Бигелдинов” “Мәңгілік Ел алыптары: Талғат Бегельдинов”, “Батырлар ерлігі-ұрпаққа өнеге” Талғат Бигельдинов 100 жылдығына күніне орай ұйымдастырылды.





Саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні арналған «Бас иіп тағзым етеміз, Алаштың арыстары» атты жалпы сынып сағаттары өтті.



"Қош келдің, Әз-Наурыз" мерекесін әр сынып атап өтті. Салт-дәстүр көрсетіп, өлең оқып, ән айтып, ұлттық ойындар ойнады



Наурыз мерекесіне орай 4-6 сынып оқушыларының арасында "Ою ойғанның ойы ұшқыр" тақырыбында сайыс ұйымдастырылды. Сайыс соңында оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.



Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай 6-8 сынып оқушылар арасында "Айтыс-асыл қазына" атты ақындар айтысы ұйымдастырылды. Сайыстың нәтижесінде 1-орын 8 А сынып, 2-орын 6 А, 3-орын 7 А Сайысқа қатысушылар сертификат және мақтау қағазымен сыйлықтарға ие болды.



## Отбасылық тәрбие

1 қазан - Халықаралық қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат-әлеуметтік жағынан аз қорғалған қарт адамдарға, аға буын жалғызбасты зейнеткерлерге көңіл бөлу, оларға көмек көрсету. Бұл күні елімізде ғана емес, дүние жүзінің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, білім алушылар мен жастар тарапынан қарияларға арналған алуан түрлі қызықты да танымды жобалар ұйымдастырылады. Отбасы - тәрбиенің басты ұясы. "Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілерсің" - деп халық тегін айтпаған. Бала тәрбиесіне ата-ана жауапкершілікпен қарап, оларды жақсылыққа, әдептілікке, еңбекқорлыққа үйретуге парыз. Отбасы күніне орай мектеп кітапханасында, ата-аналарға арналған "Отбасының шуақты жылуы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, осы көрмедегі кітаптар, газет, журнал материалдары арқылы осы ата-аналарға баланың бас ұстазы екенін түсіндіру мақсатында. Отбасы күніне орай «Бақытты жанұя-бақытты ел!» атты бастауыш 2 сыныптар арасында мектепішілік спорт сайысы өтті. Сайыстың қорытындысы бойынша: I орын Карбузовтар отбасы, II орын Мусабековтер отбасы, III орын Кеңесовтар отбасы. Мектеп әкімшілігі отбасыларға алғыс білдіріп, мақтау қағаздарымен марапаттады. "Отбасы-кішкентай бір мемлекеттік ұя" деп бекер айтылмаған. 2-5 сыныптар аралығында қыркүйек айының 13-і мен 16-сы аралығында "Отбасы-бақыт мекені" атты суреттер көрмесі өткізілді. Балалар отбасы мүшелерінің суретін салып, көрмеге ілді.



**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** «Тазалық- табалдырықтан басталады», демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау- әрбір азаматтың басты міндетті. Мектеп ауласын санитарлық тазарту, көркейтуге сәйкес бейсенбілік шаралары ұйымдастырылып, өткізілді. Әр тоқсан соңында “Таза парта” челленджіне сыныптар белсене қатысып, бір-бірлеріне жолдады.



13 мамыр күні елорда уақытымен сағат 12:00-де бір мезгілде барлық білім беру ұйымдарында «Жасыл мекен» республикалық челленджі өтті. Мектебімізде экологиялық акцияға: ББ басшысы Оспанова Алтын Қабдурашитқызы, мектеп әкімшілігі мен мектеп түлектері, Алтын белгі және үздік аттестат үміткерлері:



Қаирулла Ануар, Байбулат Алишер, Жаксылыкова Дильназ, Саметова Зарина, Алдажаров Бауыржан қатысты. Іс-шара экологиялық мәдениетті, өлке табиғаты мен қоршаған ортаға ұқыпты қарауды, еңбекқорлықты, қоршаған ортаны көгалдандыруды дамытуға бағытталған.



**Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбие** Жастардың бойына экстремистік көзқарастармен іс-әрекеттерге қарсы тұру қасиеттерін қалыптастыру; Жастарды әлеуметтік өмірге дайындау, елін, жерін, халқын, жалпы әлемді, азаматты сүйуге, қадірлеу мақсатында экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бағытындағы жоспарға сәйкес қаламыздың Жастар секторының меңгерушісі, «Паң Нұрмағамбет» мешітінің наиб имамы, Усманов Ұ.Т. мектеп оқушыларымен кездесу өткізілді. «Жеке қауіпсіздік» тақырыбы бойынша 8 және 9 сыныптар ұлдары мен қыздарына арналған ақпараттық мағлұматтар беріліп дәріс түрінде жүргізілді.

"Мың бір мақал" атты мақал -мәтелдер сайысы өтті.

Мақсаты: Жас ұрпақты Отанын сүйуге, халқымыздың мақал мәтелдер арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, ата мекенін көздің қарашығындай сақтай білуге патриоттық сезімге тәрбиелеу.



"Рухани жаңғыру" аясында, өз туған жеріне деген сүйіспеншілікті арттыру, патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында мектебіміздің оқушылары қалалық өлкетану мұражайына саяхат жасап, қаламыздың тарихи мұраларымен танысты.



"Қазақстан -достық шаңырағы"атты сайыс өтті."Болашақ"және "Бірлік"тобы болып қатысқан оқушылар сайыстың бес кезеңінде әр түрлі тақырыптағы сұрақтарға қазақ,орыс,ағылшын тілдерінде жауап берді."Шешендік өнер" бөлімінде "Мемлекеттік тіл-менің тілім"деген тақырыпта ой қозғап, сайыскерлердің сөз саптауы,өзін-өзі ұстай білу өнері бағаланды сайысқа топтар белсенді қатысты.



**Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие** “Мерекелі, берекелі Алтын күз!” атты ертеңгілігі, «Жаңа жыл-2023» Әдептілік ережелері, кішіпейілділікке тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағаттар ертеңгіліктері өткізілді.



Халықтар арасындағы достықты нығайту, осы мақсатта оқушылардың достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру, Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу мақсатында өткен :”Ынтымағы жарасқан туған



## өлкем Қазақстан" атты тәрбие сағаты



**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі** “Балалар жылы” салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 6-7 сыныптар арасында “Біз АҚТҚ, ЖҚТБ-ға қарсымыз” ұранымен эстафеталық жарыс ұйымдастырылды. “Дені сау бала- ел болашағы” «Денің сау болу, белсенді өмір сүру» атты спорттық сайыстары өтті.



Мектепшілік денсаулық күніне арналған «Денсаулық зор байлық» атты спорттық іс-шара өткізілді. 9-10 сыныптардың ер балалар арасында футболдан жарыс ұйымдастырылып нәтижесінде I-10 «Ә» сынып, II-9 «К» сынып III-9 «А» сынып, ал қыздар арасында I-9 «А» сынып ,II-9 «Ә» сынып, III-10 «А» сынып жеңіске жетті.



Оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау, алдын алу мақсатында "Жол ережесін білейік, аман- есен жүрейік", "Отбасы - тәрбие бастауы" "Жолда жүру ережелерін сақтайық!" тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.



Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу жұмыстары мектебімізде жүйелі түрде өткізіледі. Оқу жылының басынан әр сынып жетекші - оқушылардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін бақылап, олардың мінезіндегі ауытқушылықты, көңіл-күйіндегі өзгерістерді бақылайды. Оқушылардың қабілетін, қызығушылығын және жеке басының ерекшеліктерін зерттеп біледі. Осы зерттеулері негізінде ол әр оқушының жан-дүниесін ашатын жол табады. Мектебімізге Полиция Басқармасының полиция учаскелік инспекторы, полиция капитаны Туримбетов Ерлан Утегенович келіп “Құқық бұзушылықтың алдын алу”, мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. «Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәріс оқыды. Полиция қызметкері Ахметбеков Сырым Бакыткалиевич оқушыларды мектептегі және басқа да қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін сақтауға, өзін-өзі дамытуға, моральдық пен отбасылық құндылықтарды басшылыққа алуға және заңдарды қатаң сақтауға шақырды.



Мектеп оқушыларының тәрбие үрдісінде, олардың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылғанында, балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуында, олардың кәсіптік бағыт- бағдар алуында және өмірде бейімдеу мақсатында мектебімізде домбыра, асық ату, вокал, волейбол.





Оқушылардың дарындылығы мен шығармашылығын дамыту мақсатында, мектеп қабырғасында шығармашылық бағытта өнер фестивалі ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі жанрларды қамтыды: драма, пролог, хор, би, денешынықтыру бойынша спроткомпозиция, домбыра оркестрі. Аталмыш фестивальде Ақан Сері Ақтоқты драмасынан үзінді, Қазақстан Республикасының құрылу жолын прологта қамтылып, вокал номинациясында оқушылар Степногорск, Мен қазақпын әндерін өз нақышына келтіріп орындады. Фестиваль нәтижесі бойынша үздік номерлер қалалық балаларға арналған мерекелік концертке таңдалып алынды. Мектеп ұжымы алғыс хатпен марапатталды.



Мектеп оқушыларының жыл бойы жеткен жетістіктер нәтижесі дарынды оқушылардың шеруінде аталып төтеді. Биылғы оқу жылы оқушылардың тек қала емес, сонымен қатар облыс, Республика деңгейінде жетістіктері өте көп. Биылғы жылы 97 үздік және 118 дарынды оқушы марапатқа ие болды. Сонымен қатар, оқушылардың ішінен ең дарынды, ең өнерлі және ең үздік спортшы мен үздік оқырман номинациялары мен статуеткаларымен марапатталды. Дарынды оқушылардың шеруі қаламыздың мәдениет үйінің залында ұйымдастырылды.



Кәсіптік бағдар беру тек колледж, университет өкілдерімен кездесу және ақпарат берумен ғана шектеліп қоймайды. Оқушылар бастауыш сынып табалдырығынан

бастап, өздерінің мамандық таңдау қаншалықты маңызды және өте қажет екенін, кішкентай кезінен бастап мамандықтардың қыр сырымен, ата аналарының жұмыс орындарына бару арқылы, жақынырақ танысады. Кәсіптік бағдар аясында Степногорск қаласының тау-кен техникалық колледжіне барып, техникалық мамандықтарымен танысып келді.



# КӘСІБИ ОҚУ



САҒАДАТ  
НҰРМАҒАМБЕТОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚҰРЛЫС  
КӨКШЕТАУ



ҚАЛАСЫНДАҒЫ МӘЛІК  
ҒАБДУЛЛИН



Қр Қорғаныс  
министрлігінің кеңес  
басқарманы



ҚР ІІМ Б.бейсенов  
атындағы қарағанды  
академиясы







**Ш.УӘЛИХАНОВ**

# КӘСІБИ

ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері Химия



**КӨКШЕТАУ  
КАЛАСЫНЛАҒЫ**



**КӨКШЕТАУ  
ҚАЛАСЫНДАҒЫ МӘЛІК  
ҒАБДУЛЛИН АТЫНЛАҒЫ**

## Ата-аналармен жұмыс

Оқу-тәрбие үрдісі ата-аналар қауымы мен мектеп ұжымының тығыз байланысы арқылы жүзеге асырылады. Оқу жылы басында мектеп пен ата-аналар қауымына арналған жұмыс жоспары құрастырылады. Осы жоспар негізінде әр тоқсан сайын сыныптық және жалпы мектептік ата-аналар жиналысы өткізіледі.

Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы – бақыт мекені» атты отбасы апталығы өтті. «Отбасы – бақыт мекені» апталығының жоспары жасақталып, бекітілді. Апталық аясында бастауыш сыныптарда «Менің байлығым – менің отбасым» тақырыбында сурет салынып әлеуметтік желіге жүктелінді. 5-11 сыныптарында ата –ананың қадірлеу, үлкенді сыйлау, отбасы құндылықтары туралы сынып сағаттары өткізілді. Ата- аналармен «Сіздің болғаныңыз үшін рахмет!», «Қарты бардың қазынасы бар» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды.



Адам тәрбиелеу – ұлы міндет. Ұлы міндет қашаннан ұлы күреспен ғана жүзеге асырылады. Біздің қазіргі жағдайымызда жан-жақты дамыған адамды тәрбиелеу – жанұя , қоғам мен мектептің ең биік мұраты болып табылады. Жас баланың болашағы оның дұрыс тәрбиеленуіне байланысты. Әрбір балаға жан-жақты өнеге беру елімізде мемлекеттік маңызды мәселе. Оқушыны білімді, жоғары идеялы, қолынан іс келетін еңбекқор, батыл да батыр, жоғары мәдениетті, сыпайы да сүйкімді, өнерлі де өнегелі

етіп өсіру – ата-ананың , ұстаздың , қоғамның, яғни бала тәрбиесі бүкілхалықтық іс.

# КАМКОРШЫЛЫҚ МАКС

- БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНІҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТУ
- ҚАЛА АУМАҒЫНДА ӘРЕКЕТ



# МІНДЕ

- ЖЫЛЫНА 4 РЕТ ОТЫРЫС ӨТКІЗЕДІ
- ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙДЫ

# КАМКОРШЫЛЫҚ



«Мектеп тарихы» атты мектеп мұражайының

## «МЕКТЕП ТАРИХЫ»

басты мақсаты мұражайдағы тарихи құжаттар

мен жәдігерлер арқылы жас ұрпақты туған елге,

туған жерге өз Отанына деген

сүйіспеншілікке тәрбиелей



Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру

Мектеп оқушыларының тәрбие үрдісінде, олардың бос уақытының дұрыс

ұйымдастырылғанында, балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуында, олардың кәсіптік бағыт- бағдар алуында және өмірде бейімдеу.

## Оқушылардың бос

Ұлттық ойынды

Шахмат тез

Ұлттық дәстүр

Вокалдық

Волейбол спорты  
қоғамға жат

## Оқушылардың бос

“Өркен”

Жүз

Би



Робототехник

Шебер

Көңіллі

## 2022-2023 оқу

Көңілді


“Оқуға күштар

“Бәйтерек” әкелер



Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру көрсеткіші

Мектебімізде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру үшін асық ату 65%, жүзу 45%, хор, вокал 56%, домбыра 85%, шахмат 60%, волейбол 90%, робототехника 75 % оқушыларды қамтамасыз етілген.



### Өзін-өзі басқару ұйымының аналитикалық есебі

#### Мақсаты

- Мектеп-лицейдің оқу-тәрбие үрдісін демократияландыру
- Оқушылардың көшбасшылық қабілетін дамыту
- Оқушылардың қызығушылығы мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға жағдай жасау

#### Міндеттері

- Оқушылар президентімен жүргізілетін жұмыстарды жоспарлау арқылы мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын министрлермен бірге тексеру, қадағалау, рейд жасау және тоқсандық есеп жасау

#### Ұстанымы

- Парламент мүшелері толерантты әлем құруға бағыттайтын және үйлесімді дамуға мүмкіндік беретін адами капиталы мол жаһандық азамат болуға талпыну

#### Миссиясы

Мектеп -лицей оқушылары арасында мәдениетаралық түсіністік, үздіксіз білім мен тәрбие алуға және жоғары адамгершілік құндылықтарды дамытуға бағытталған зияткерлік қоғам құруға үлесін қосу

#### *Құқық фракциясы*

Оқу жылының басында Парламенттің жобалау кеңесі құрылып, мектеп Парламентінің Президентінің сайлауы өткізілді. Әр сыныптың өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері сайланып, оқу жылының әдеттегідей жоспары жүзеге асыру бойынша жұмыстарын



атқаруға кірісті. Жалпы оқу жылының барысында оқушылар төменде көрсетілген жұмыстарды жүзеге асыруда:

- Мектептің ішкі тәртібін ұстану
- Мектеп оқу-құралдарының тиісті деңгейде ұстау
- Құқықбұзушылықтың алдын алу
- Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері
- Жолда жүру ережесін ұстану
- Түнгі қаладағы жасөспірімдер бойынша түсіндірме жұмыстары
- Буллингтің алдын-алу
- Жемқорлықтың алдын-алу бойынша бейне роликтер түсіру
- Нашақорлықтың алдын алу бойынша бейне роликтер түсіру

Аптаның әр сейсенбі күні мектеп Президенті және құқық фракциясының мүшелері мектеп бойынша кезекші сыныппен рейд атқарады, екі аптада бір рет оқушылардың оқу-құралдарын бақылауға алып тұрады. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында буллинг, жемқорлық, нашақорлықтың алдын алу мақсатында дөңгелек үстел, арнайы мамандармен кездесу және тақырыпқа сай бейнероликтер түсіріп, мектептің әлеуметік парақшасында жариялайды. <https://clck.ru/33eTT5>



#### Мәдениет және өнер фракциясы





### *Ақпарат фракциясы*

Ақпарат фракциясының жұмысына қазіргі күнде мектептің көптеген оқушылары қызығушылық танытуда. Себебі, жасөскелең ұрпақ цифрлық сауаттылыққа бейімделгіш, ақпараттың түрлі форматтарын жасауды оңай және тиімді ұйымдастыра алады. Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының жеке инстаграм парақшасы жүргізіледі. Әлеуметтік желіге ақпарат фракциясы сапалы контент жүктеп, оқушылар, мектеп ұстаздары және ата-аналардан кері байланыс алуда. Мектеп қабырғасында өтіп жатқан түрлі іс-шараларға бейнеролик, белгілі бір тақырыптарға сұхбат алу, сапалы және мағыналы суреттер мен мақалалар легі де бар.



Мектеп қабырғасында «Жас тілші-2023» байқауы жыл сайын өткізілетін дәстүрлі іс-шараға айналды. Ағымдағы оқу жылы, қаңтар айында іс-шара өз деңгейінде өтіп, жүлделі орындарға ие болған үздік тілшілер қалалық «Жас тілші-2023» байқауына жолдама алды.

### *Спорт және салауатты өмір салты фракциясы*


Адам өміріндегі басты фактор- денсаулық. Мектеп қабырғасында балалардың салауатты өмір салтын ұстануына сан түрлі жұмыстар атқарылады. Оқушыларға «көңілді қоңырау» жасалды. Қоңырау уақытында оқушыларымыз нейро жаттығулар жасап, сынып жетекшілері түрлі қызықты, креативті ойындар ойластырып, сыныптарымен өткізуде. Оқу жылының IV тоқсан нәтижесі бойынша, мектебіміздің ер балалар құрамасы, облыстық волейболдан жүлделі I орынға ие болып, Республикаға жолдама алды.

<https://clck.ru/33eZDv> <https://clck.ru/33eZEs> <https://clck.ru/33dzRL> <https://clck.ru/33dzLH> <https://clck.ru/33eZP4>






Спорт фракциясы атаулы мерекелерге үнемі түрлі спорт түрлерінен жарыс өткізеді: асық ату, тоғызқұмалақ, шахмат, волейбол, баскетбол, футбол, үстел теннисі. Спорттағы жетістіктер өте көп. Тек қала деңгейінде ғана емес, облыс, Республика көлемінде жетістіктер бар. <https://clck.ru/33ebnm> <https://clck.ru/33ebq8>



### Дебат қозғалысының фракциясы

Дебат қозғалысы мектепте жүйелі түрде жұмыс жасауда. Жетекшісі тарих пәні мұғалімі: Аяған Н.А. Дебат фракциясында шамамен 40 астам оқушы бар. Аптаның әр сәрсенбісінде оқушылар дебат қозғалысы бойынша жетекшілерімен жиналып, дебат ойынының қыр-сырына машықтанып, маңызды мәселелерді талқылап, өзара топтарға бөлініп, пікірталас алаңына түседі. Дебат фракциясына 8 «Ә» сынып оқушы Ементәева Даяна жауап береді. «Өркен» дебат клубының жеке әлеуметтік парақшасы бар, жауапты 9 «А» сынып оқушысы Абдықасымова Назерке. <https://clck.ru/33ebgX>

### Фракция мүшелері сыныптар аралығында



Жоспар бойынша мектеп оқушылары тек қала көлемінде емес, аймақтық және облыс көлемінде ұшқыр ой алаңына шығады және мақтануға тұрарлық жетістіктері де бар. Мысалы: қала әкімінің кубогы ойынында, оқушылар жүлделі I және II орынға, аймақтық дебатта III орынға, ал облыстық ойында 9 «А» сыныбы оқушысы Мадиева Амина «үздік спикер» номинациясында дипломмен марапатталды.

Ақпан айында, мектебіміз қала мектептеріне жетекшілік жасап, дебат бойынша семинар практикум және топтар арасында «Сәкен саңылақтары» тақырыбында дебат ойынын ойдағыда ұйымдастырды.



*Мектеп Парламентінің жетістіктері*



